


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті

Химиялық инженерия институты

Қолданбалы химия кафедрасы



Тақырыбы: Павлодар мұнай өңдеу зауыты.

Орындаған: Аманқош М.П

Мамандығы: 5В012000 2К

Тексерген: Искакова Т.К



ЖОСПАР

I КІРІСПЕ

II НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1 «ПМХЗ» тарихы

2.2 Кәсіпорын қызметкерлері

2.3 Өндіріс сипаттамасы

2.4 Тауар зертханасының құрылымы

2.5 «ПМХЗ» ЖШС-нде шығарылатын өнімдер

III ҚОРЫТЫНДЫ

IV ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



ПМХЗ тарихы мен қазіргі жағдайы

«Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасындағы технология бойынша ең заманауи кәсіпорын болып табылады. Зауыт мұнайды отын түрі ретінде өңдейді және өңдеу тереңдігін 85% дейін қамтамасыз етеді, бұл мұнай өнімдерін ең жақсы өндірушілердің деңгейіне сәйкес келеді.



ҚазМұнайГаз
ПАВЛОДАР МҰНАЙ-ХИМИЯ ЗАУЫТЫ



□ 1949 жылы «Гипронефтезаводы» Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты Павлодар қаласының солтүстік өнеркәсіптік аймағында мұнай өңдеу зауытын (бастапқыда зауыт осылай аталған) салу үшін алаң таңдалған болатын. 1970 жылы мұнай өңдеу қуаттылығы жылына 12 млн. тонна Павлодар мұнай өңдеу зауытын салуға арналған Грозный қаласының «Грознефтехим» институтының жобасы бекітілді.

□ 1971 жылы зауыт құрылысы басталды.

□ 1978 жылы зауыттың бірінші кезегі – қуаттылығы жылына 6 млн. тонна мұнайды алғашқы өңдеу жөніндегі ЛК-6У кешені пайдалануға берілді.



- 1979-1989 жылдары зауыттың екінші кезектегі объектілері: күкірт өндіру және битум өндіру қондырғылары, КТ-1 мазутты тереңдетіп өңдеу кешені, баяулатып кокстеу қондырғысы, мұнай коксын шынықтыру қондырғысы салынып, пайдалануға енгізілді. Мұнайды қайталап өңдеу бойынша барлық технологиялық кешендердің іске қосылуымен зауыттағы мұнай өңдеу тереңдігі 85% құрады.
- 1983 жылы бұрынғы Кеңес Одағының мұнай өңдеу саласында Одақтағы бірінші КТ-1 мазутты тереңдетіп өңдеу жүйесі алғашқы рет енгізілді, ол кейіннен басқа зауыттарда да кеңінен қолданысқа енді.
- Зауыттың Бас жобасы 1985 жылы «Грозгипронефтехим» институтынан «ВНИПИнефть» Омбы филиалына тапсырылды.



□1983 жылы Павлодар мұнай өңдеу зауытының бірінші кезегін жобалау және салу үшін КСРО Министрлер Кеңесінің Сыйлығы берілді. Лауреаттар қатарында зауыт қазметкерлері де болды.

□1989 жылы Павлодар мұнай өңдеу зауыты Сыртқы экономикалық байланыстар қатысушыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіліп, экспорттық-импорттық жеткізілімдерді жүзеге асыра алатын болды. Бұл зауыттың болашақтағы тағдырындағы маңызды кезең болды.

□1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін зауыт мүлдем жаңа өндірістік қатынастарға енді: барлық шаруашылық байланыстар бұзылды, нарықты игеру қажет болды. Жоспардан тыс шығарылған өнімді өткізуге қатысты тура шарттар нарықты игеруге негіз болды. Зауыт тарихында алғаш рет сатып алынатын мұнай, орнын басу сұлбасы бойынша алынатын мұнай түсініктері пайда болды.

□1995-1996 жылдары зауытта шикізат нақты болған жоқ, зауыттың технологиялық кешендері ұзақ уақыт жұмыс істеген жоқ, күрделі қаржы жағдайы сақталып тұрды. Дағдарыстан шығу жолдары іздестірілді.



Зауыт жұмыс істеп тұрған уақыт ішінде акционерлер мен заңды мәртебесі бірнеше рет өзгерді:

1978 - 1994 жылдары – Павлодар мұнай өңдеу зауыты (ПМӨЗ);

1994 – 1997 жылдары – «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» акционерлік қоғамы («ПМӨЗ» АҚ);

1997 – 2000 жылдары - «Павлодар мұнай өңдеу зауыты - ССЛ» жабық акционерлік қоғамы («ПМӨЗ - ССЛ» ЖАҚ);

2000 жылы (VII-XI) - «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» акционерлік қоғамы («ПМӨЗ» АҚ);



2000 жылғы қарашадан бастап – «Павлодар мұнайхимия зауыты» акционерлік қоғамы («ПМХЗ» АҚ);

2009 жылғы тамызда - «ПМХЗ» АҚ «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының компаниялар тобына кірді.

2013 жылғы наурызда – «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС.



Қазіргі уақытта «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС – Қазақстан Республикасындағы менеджмент жүйелеріне сәйкес келуге қатысты 6 сертификатты:

- ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйелері»,
 - ISO 9001:2008 «Сапа менеджменті жүйелері»,
 - ISO 14001:2004 «Экологиялық менеджмент жүйелері»,
 - OHSAS 18001:2007 «Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйелері»,
 - ISO 50001:2011 «Энергетикалық менеджмент жүйелері»,
 - ҚР СТ 1352-2012/SA 8000:2008 «Әлеуметтік жауапкершілік»
- сертификаттарын иеленген алғашқы кәсіпорын.



Мұнай өңдеу мынадай процесстерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- мұнайды электрмен сусыздандыру және тұзсыздандыру;
- сусыздандырылған және тұзсыздандырылған мұнайды алғаш айдау;
- бензиндерді, реактивті және дизел отындарын гидротазалау;
- бензин фракцияларының каталитикалық риформингі;
- каталитикалық крекинг;
- газбен фракциялау;
- мұнай битумдарын өндіру;
- кокс өндіру.



Өндірістің сипаттамасы

Зауыт мұнайды отын жолымен өңдеуге арналған және үздік дүниежүзілік өндірістердің деңгейіне сай мұнайды 80-85 пайызға дейін тереңдете өңдеуді қамтамсыз етеді.



Автомобиль бензиндері

Автобензиндердің жоғары октанды компоненттерін алатын негізгі процесстер: мұнайды алғашқы өңдеу қондырғысынан алынған фракциялардың каталитикалық риформингі мен мұнайдың ауыр фракцияларының (вакуумдық газойль) калитикалық крекингі. 1992 жылдан бастап кәсіпорын этилденбеген бензиндерді шығаруға көшті. «ПМХЗ» АҚ шығаратын бензиндер экологиялық қасиеттерімен ерекшеленеді және Қазақстанның көптеген аймақтарындағы тұтынушыларға жеткізіледі.



Бензиндер іштен оталатын (ұшқынан) поршенді қозғалтқыштарда қолдану үшін арналған. Автобензиндер сапа жағынан физика-химиялық және пайдаланудағы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады:

- ✓ детонациялық тұрақтылық (октанды сан),
- ✓ индукциялық кезең,
- ✓ күкірт құрамы,
- ✓ қорғасынның топталуы,
- ✓ қаныққан бу қысымы.

«ПМХЗ» АҚ АҚ СТ 39334881-001-2006 маркасы АИ-80Н, АИ-92Н, АИ-95Н, АИ-98Н боялмаған автобензиндерді өндіреді.



Дизель отыны

Дизел отыны негізінен - күкірт, азот, оттегі құрамды, металлорганикалық қосылыстарын азайту мақсатында сумен тазалау процесстерінен өткен, мұнайды алғаш өңдейтін қондырғыдан алынған тура айдалатын компоненттерді араластыру жолымен өндіріледі. Дизел отынының жазғы және қысқы маркаларымен пайдаланғанда қозғағыштың қалыпты жұмысы қамтамасыз етіледі, отынның шығыны қысқарады. «ПМХЗ» АҚ-ы төмен температурада қататын, техниканы қатты аязда пайдаланғанда төзімді дизел отынын шығаруды игерді.



Сығылған кезде оталатын қозғағышта және кейбір газотурбиндық қозғағыштарда пайдаланады. Дизел қозғағыштарында сығудың деңгейі жоғары, соның салдарынан отынның меншікті шығыны карбюратор қозғағыштарына қарағанда 25-30% төмен. Дизел отынының сапасының негізгі көрсеткіштері:

- ✓ өзінше тұтанғыштық (цетан саны),
- ✓ фракциялық құрамы,
- ✓ тығыздығы мен тұтқырлығы,
- ✓ тұтану температурасы,
- ✓ төмен температурадағы қасиеті.



2010 жылғы 1 жартыжылдықтағы автомобиль бензиндері

Сапа көрсеткіштері	АИ-80 Н	АИ-92 Н	АИ-95 Н	АИ-98 Н
Октандық саны, м.м.	н.м.76 нақты 78,0	н.м. 83 нақты 83,6	не норм -	не норм. -
Октановое число, и.м.	н.м.80 нақты 84,3	н.м.92 нақты 93,7	н.м. 95 нақты 95,8	н.м. 98 нақты 98,7
Қаныққан булар қысымы	в пределах 35-100 нақты 58,2	в пределах 35-100 нақты 54,7	в пределах 35-100 нақты 52,8	в пределах 35-100 нақты 53,0
Индукциалық кезең п, мин.	н.м.900 нақты 1200	н.м.900 нақты 1200	н.м. 900 нақты 1200	н.м. 900 нақты 1200
Күкірттің массалық үлесі, %.	н.б. 0,05 нақты 0,021	н.б.0,05 нақты 0,015	н.б. 0,05 нақты 0,012	н.б. 0,05 нақты 0,010




2010 жылғы 1 жартыжылдықтағы дизельдік отын

Сапа көрсеткіштері	Л-0,2-62 ж.с.		ПЗ-0,2 минус 30 марка сыА	
	НД бойынша норма	нақты	НД бойынша норма	нақты
Цетандықсаны	н.м.45	53,9	н.м.45	51,7
Фракциалық құрамы:				
- . 50% айд.шығ.фр	ж.е.280	270	ж.е.280	219
- 96% айд.шығ.фр	ж.е.360	349	ж.е.340	318
Кинематикалық жабысқақтығы 20 ° С, мм2/с	3,0-6,0	4,43	1,8-5,0	2,4
Тоңазу температурасы, °С	ж.е.-10	-17	ж.е. -30	-46
Күңгіртену температурасы , °С	ж.е.минус 5	-13	ж.е. минус 20	-28
Жабық от бақыраштағы тұтану температурасы	н.н.62	76	н.н.35	57
Күкірттің массалық үлесі, %	н.б.0,2	0,1	н.б.0,2	0,079



Бензин араластыру торабы, Тауар-шикізат парктері

Бензин араластыру торабы АИ-80Н, АИ-92Н, АИ-95Н, АИ-98Н маркалы автомобиль бензиндері- тауар өнімдерін дайындау мақсатында КТ-1, ЛК-бу, БКҚ кешендерінде өндірілетін автомобиль бензинінің компоненттерін қабылдауға, жинақтауға, компаундирлеуге арналған.



Сұйылтылған газ паркі кәсіпорында өндірілетін сұйылтылған газдарды қабылдауға, сақтауға, паспорттауға және құюға арналған. Сұйылтылған газ паркінің жобасы Грозный қ. «Грозгипронефтехим» институтымен әзірленген.

Сұйылтылған газ паркі ЛК-бу іске қосу кешені 1 кезегінің құрамында 1978 жылы пайдалануға енгізілген





Данбай Шухрат Әбдірашитұлы Бас директор

1963 жылы туды


Білімі

«Қайнар» университетін «халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша бітірді, экономика ғылымдарының кандидаты, іскери әкімшілік ету докторы (DBA).

Кәсіби тәжірибесі

Мұнай жеткізу және өңдеу, мұнай өнімдерінің көтерме-бөлшек саудасы жөніндегі ірі коммерциялық құрылымдарды басқарды: «Қазтоммұнай» ЖШС, «Гелиос» ЖШС бас директоры, «Павлодар мұнайхимия зауыты» АҚ бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өңдеу және мұнайхимия блогының атқарушы директоры, «Қазақстан – Отын Энергетикалық Кешені» ЖШС бас директоры.





Пузырёв Алексей Васильевич

Бас директордың дамыту және жаңғырту жөніндегі орынбасары

1976 жылы туды.

Білімі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін «инженер химик-технолог» мамандығы бойынша бітірді.

Кәсіби тәжірибесі

Еңбек жолын 1998 жылы Павлодар мұнайхимия зауытында битум шығару қондырғысында (№4 цех) технологиялық қондырғылар операторынан бастады. 2010 жылдан бастап техникалық саясат департаментінің бас менеджері, мұнай өңдеуді және мұнайхимияны дамыту департаментінің бас менеджері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу және мұнайхимия активтерін басқару департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді.



Дубинин Иван Владимирович

Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
1958 жылы дүниеге келді.

Білімі

Алтай политехникалық институтын (Барнаул қ-сы) «Инженер химик-технолог» мамандығы бойынша бітірді.

Кәсіптік тәжірибесі

1976 -1981 жылдары – Алтай политехникалық институтында оқыған жылдары. Институтты бітіргеннен кейін Барнауыл шина зауытына жинақтау цехының шебері болып жұмысқа орналасады. Павлодар мұнай өңдеу зауытындағы (2000 жылғы қарашадан бастап - «Павлодар мұнайхимия зауыты») еңбек жолы 1982 жылдан басталды. 1986 жылдан моноэтаноламинді қалпына келтіру және күкірт алу қондырғысы бастығы, цех бастығының битум,күкірт өндіру жөніндегі орынбасары, битум,күкірт өндіру және мұнай коксін шынықтыру жөніндегі цех бастығы болып жұмыс істеді.





Имашев Әлжан Берікұлы

Бас директордың корпоративтік орталық жөніндегі орынбасары

1987 жылы дүниеге келді.

Білімі

International University of America (бакалавр іскерлік әкімгерлік бакалавры), Қазақ гуманитарлық-заңгерлік университетінің «халықаралық құқық және халықаралық қатынастар» (құқық бакалавры) мамандығы бойынша оқу бітірді.

Кәсіби тәжірибесі

2008 жылдан 2014 жылдар аралығында ірі коммерциялық құрылымдарда жұмыс атқарды.

«Алматы Терминал» ЖШС директоры, «Алматы халықаралық әуежайы».

2014 жылғы сәуірден – «ПМХЗ» ЖШС бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары, 2016 жылғы қаңтардан – "Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары.





Шабдарбаев Арлан Амангелдіұлы **Бас директорының маркетинг жөніндегі** **орынбасары**

1977 жылы туды.

Білімі

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің халықаралық қатынастар факультетін «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша бітірді.

Заң ғылымдарының кандидаты (2009 ж.).

Кәсіби тәжірибесі

1997-2000 жылдары аралығында ірі коммерциялық және банк құрылымдарында: «Рахат-Транссервис» АҚ,, «Қазақстан Халық Банкі» ААҚ. 2009 жылғы қазанда «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС бас директорының коммерция жөніндегі орынбасары, 2016 жылғы қаңтарда – бас директордың маркетинг жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://www.pnhz.kz/kaz/refinery/about_refinery/



• **БАЙЛАНЫСТАР**
8 (800) 080-22-22
Call - орталығы





Назарларыңызға рахмет!!!

MyShared

Назарларыңызға рахмет!!!

MyShared

